

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ ХАТТАМАСЫ №3

Өткізілген күні: 29 желтоқсан 2025 ж.

Уақыты: 10.00

Қатысқандар: Кеңес мүшелері, педагогтер, мектеп қызметкерлері

1. Тастамбеков Даурен Узбекович – Кеңес төрағасы
2. Сатубалдинова Алмагүл Амангелдіқызы – Кеңес мүшесі
3. Акишева Айнұр Ерболовна – Кеңес мүшесі
4. Кожанова Жанил Тусебаевна – Кеңес мүшесі
5. Ибрагим Әйгерім Әйтенқызы – хатшы

Қатыспағандар: жоқ

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Оқушылармен (қыздармен) этикалық қарым-қатынас жасау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы нұсқаулық. Мектеп директоры **А.Ж.Ескалиева**

ТЫҢДАЛДЫ:

Мектеп директоры А.Ж.Ескалиева сөз алып, ер азаматтарға төмендегі нұсқаулық ережелерімен таныстырды.

1. Жалпы ережелер:

- Осы құжат мұғалімнің кәсіби этикасын сақтау, оқушылардың құқықтарын қорғау және кез келген теріс мінез-құлықтың алдын алу мақсатында әзірленген.
- Ер мұғалімдер мен мектептің ер азамат қызметкерлері оқушы қыздармен қарым-қатынаста педагогикалық әдепті қатаң сақтауға міндетті.

2. Этикалық талаптар мен тыйымдар:

- **Дене жанасуы (Физикалық контакт):** Оқушы қыздарға қол тигізуге (басынан сипау, құшақтау, иығынан қағу және т.б.) қатаң тыйым салынады. Кез келген физикалық жақындық «жеке кеңістікті бұзу» деп есептеледі.
- **Оңаша қалу:** Оқушы қызбен жабық кабинетте немесе ешкім көре алмайтын жерде оңаша қалуға болмайды. Егер қосымша сабақ немесе кеңес қажет болса, есікті ашық қалдыру немесе үшінші тұлғаның қатысуын қамтамасыз ету керек.
- **Сөйлеу мәдениеті:** Оқушының сырт келбетіне, киіміне немесе дене мүшелеріне қатысты комплимент айтуға, екіұшты қалжыңдар мен бейәдеп сөздерді қолдануға тыйым салынады.
- **Сыйлықтар:** Оқушыға жеке сипаттағы сыйлықтар беруге немесе одан сыйлық алуға болмайды.

3. Цифрлық этика (Әлеуметтік желі және мессенджерлер):

- Оқушы қыздармен жеке тақырыпта хат жазысуға (WhatsApp, Telegram, Instagram және т.б.) тыйым салынады.
- Барлық хабарламалар тек оқу процесіне қатысты және тек ортақ топтарда (чаттарда) жүруі тиіс.
- Түнгі уақытта хабарлама жіберуге жол берілмейді.

4. Киім үлгісі мен мінез-құлық:

- Мұғалім өзінің киім үлгісімен және ұстамдылығымен үлгі болуы тиіс.
- Оқушылардың жеке өміріне қатысты орынсыз сұрақтар қоюға болмайды.

5. Жауапкершілік:

- Осы хаттама талаптарын бұзған қызметкер ҚР заңнамасына және «Педагог мәртебесі туралы» Заңға сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылады, тіпті жұмыстан босатылуы мүмкін.
- Қылмыстық құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайда іс құқық қорғау органдарына беріледі.

Қаулы:

1. Мектептің барлық ер азамат қызметкерлері (педагогтар, әкімшілік және техникалық персонал) «Оқушы қыздармен этикалық қарым-қатынас жасау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы нұсқаулықпен» таныс деп есептелсін.